

ЕВРОПЕЙСКИЙ БАНК ПРОВЕЛ АНАЛИЗ СРЕДНЕГО КОРИДОРА. НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ЭТО САМЫЙ СТАБИЛЬНЫЙ МАРШРУТ, УЧИТЫВАЯ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ ОБСТОЯТЕЛЬСТВА В МИРЕ. ПЛЮС КО ВСЕМУ, ПРОВОДИТСЯ РАБОТА ПО УМЕНЬШЕНИЮ СРОКОВ ДОСТАВКИ ГРУЗОВ ЧЕРЕЗ ТМТМ. ЭТО ЦИФРОВИЗАЦИЯ, СТРОИТЕЛЬСТВО НОВЫХ КОНТЕЙНЕРНЫХ ХАБОВ, НОВЫХ ПУТЕЙ, ВЫБОРЫ ЕДИНОГО ОПЕРАТОРА, ТАРИФА. ВСЕ ЭТИ ФАКТОРЫ СОЗДАЮТ БЛАГОПРИЯТНЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ИНВЕСТИЦИЙ.

Хусейн ОЗХАН,
руководитель представительства ЕБРР в Казахстане



№33 (2963)
16/04/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Апат айтып келмейді. Бүкіл елді әбігерге салған су тасқыны кезінде халықты эвакуациялау, апат аймағына құтқарушылар мен қажетті техника, керек-жарақты жеткізуде Қазақстан темір жолының тасымал қызметі маңызды рөл атқаруда. Бүгінге дейін ҚТЖ пойыздарымен 21 мыңға жуық адам тасымалданды.

Одан бөлек, Қазақстанның барлық өңірлерінен апатты аудандарға бағыт алған арнайы ауыр техникалар мен гуманитарлық жүктер де теміржол көлігі арқылы жеткізілуде. «ҚТЖ су басқан өңірлер тұрғындарына көмектесуді жалғастыруда. Атырау – Құлсары – Атырау және Құлсары – Маңғыстау бағыттары бойынша 12 мың адам өтеусіз негізде жолаушылар пойыздарымен тасымалданды. Тағы 2 мыңнан астам жолаушы Атырау – Маңғыстау, Атырау – Алматы және Атырау – Астана бағыттары бойынша қосымша вагондармен шығарылды. Қосымша пойыздар Орал – Қызылорда, Атырау – Қарағанды, Алматы – Атырау бағыттары бойынша жүріп, бұл 2 мыңнан астам жолаушыны тасымалдауға мүмкіндік берді. Су тасқынынан зардап шеккен аудандардан 500 баланы емдеу-сауықтыру орталықтары мен балалар лагерлеріне тасымалдау ұйымдастырылды», – деп хабарлайды ҚТЖ баспасөз қызметі.

Ең бірінші кезекте адамдарды су басу аймақтарынан эвакуациялау мен гуманитарлық жүкті тасымалдауға басымдық беріліп отыр. ҚТЖ облыс әкімдіктерімен, қорғаныс және төтенше жағдайлар министрліктерімен тығыз



байланыста жұмыс істеуде. Ұлттық компанияның пойыздарымен апаттық-құтқару жұмыстарына қатысу үшін 4 мың құтқарушы, әскери қызметші тасымалданды. Су тасқыны салдарын жою үшін ауыр автокөліктер мен техникаларды тасымалдауға

арналған вагондар мен платформалар ұсынылуда. Бүгінге дейін Атырау, Ақтөбе және Орал қалаларына 400-ден астам арнайы техника жеткізілді. Табиғи апатпен күресу үшін 23 мыңнан астам теміржолшы жұмылдырылды. ҚТЖ жастары зардап шеккендерге көмек

көрсету, гуманитарлық жүк жинау үшін еріктілер қозғалысын құрды. Су тасқыны жағдайы теміржолшылардың тұрақты бақылауында. ҚТЖ-да штаттан тыс жағдайлардың туындауына мониторинг жүргізіп отырған жедел штаб жұмыс істеуде.

Теміржолдың барлық күштері мен құралдары жоғары дайындыққа келтірілген. Тасқынға қарсы іс-шараларды уақытлы жүргізудің арқасында теміржол инфрақұрылымы зардап шеккен жоқ, пойыздар қозғалысы кесте бойынша жүріп жатыр.

Даниал ХАМИТ, Астана

ЭФФЕКТИВНО И СВОЕВРЕМЕННО



Более 4,7 миллиона тонн нефтепродуктов перевезено в первом квартале этого года по сети АО «НК «ҚТЖ». Рост к аналогичному периоду 2023-го – на 6%. Экспорт достиг 1,3 миллиона тонн, что на 22% выше аналогичного показателя прошлого года. Во внутривнутриреспубликанском сообщении перевезено 3,3 миллиона тонн нефтепродуктов.

Министерство энергетики, ҚТЖ и операторы вагонов совместно координируют вопросы организации перевозок ГСМ. Для оперативного решения вопросов и обеспечения эффективной и своевременной перевозки нефтепродуктов в нацкомпании функционирует штаб с участием руководителей отделений ГП, ТОО «ПКОП», ТОО «АНПЗ», ТОО «ПНХЗ» и ТОО «РТС Оператор». Заседания штаба проходят ежесуточно.

Роман ЛЮБИМОВ

ҚАУІПСІЗДІК ТӨРТ АЙЛЫҒЫ ӨТТІ



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бойынша барлық вагон пайдалану деполарында былтырғы 15 қараша мен биылғы 15 наурыз аралығында «Бүйір рамасын бақылау» төрт айлығы өтті. Іс-шараның қорытындысы сәуірде шығарылып, бүйір рамаасынан ақау тапқан теміржолшылар арнайы марапаттарға ұсынылды.

Төрт айлық аясында еліміздегі барлық вагон деполарындағы техникалық қызмет көрсету және бақылау қосындарының ауысымдарында вагон арбасының ақауларын анықтау бойынша техникалық сабақтар өткізілді. Пойыздарға техникалық қызмет көрсету және вагондарға жүк тиеу, түсіру барысында бүйір рамаларының букстық ойықтарына, дәнекерленген бөлшектердің жағдайына ерекше назар аударылып, олардан кемшілік анықталған жағдайда ВУ-23 формасы толтырылып, вагондар ағымдағы жөндеуге ағытылды. Барлық атқарылған жұмыстар туралы есептер он күн сайын өндірістік бөлімге тапсырылып отырды.

Қауіпсіздік айлығына атсалысқан Астана вагон пайдалану депосында төрт айда 36524 пойыз қаралып, оның ішінде 41 жүк вагоны ақау табылуына байланысты ағымдағы жөндеуге ағытылған. Бұл вагондардың алтауы – Қазақстанның, қалғандары – ТМД аумағынан келген вагондар. Депонның бірінші санаттағы инженер технологы Абылай Қысқаштың айтуынша, айлық аяқталған соң қорытындысы шығарылып, вагон қараушыларды ынталандыру мақсатында ақау тапқан жұмысшылар ақшалай сыйақыға ұсынылып, аса күрделі де қауіпті ақауды анықтаған вагоншылар «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төс белгісіне ұсынылуда. Мұндай іс-шаралар ҚТЖ бойынша барлық вагон пайдалану деполарында өткізіліп, тиісті нәтижелер шығарылууда. Марапат алған үздік вагон қараушылар тамыз айында өтетін Теміржолшылардың төл мерекесінде ұлықталатын болады.

Раихан РАХМЕТОВА

Актуально СТАРТОВАЛ ОСМОТР

В Алматинском отделении грузовых перевозок и отделения магистральной сети начался весенний комиссионный осмотр, который проводится для оценки состояния инфраструктуры, зданий и других объектов. Отдельным важным моментом проверки станет выход из зимы и подготовка к летним перевозкам.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В течение 20 дней руководство Алматинского отделения грузовых перевозок, отделения магистральной сети и ревизорского аппарата проведет проверку всех объектов инфраструктуры. Как предприятия подготовились к комиссионному осмотру, напрямую



влияет на качество работы и обеспечение безопасности движения поездов.

В этот раз весенний комиссионный осмотр начался со станции Отар, которая находится на стыке между Алматинским и Жамбылским отделениями, а по объему грузовых и технических операций, сложности работы относится ко второму классу. В первый день проверки подлежат девять станций: Отар,

Чильбастау, Копя, Казбек-бек, Жирен-Айгыр, Жингелды, Шамалган, Аксенгир, Бурундай. Во время осмотра особое внимание уделяется противопожарной безопасности, постан военизированной охраны и осмотрщикам вагонов. Комиссия оценит состояние путей, перегонов, стрелочных переводов, табельные для работников путевого хозяйства, бытовые условия. Также будут проверены устройства электроснабжения, системы сигнализации и связи и другие технические устройства. Не останутся без внимания и вопросы охраны труда, обучения персонала в вопросах безопасности труда и реагирования на чрезвычайные ситуации. Будут выявлены и устранены потенциальные риски для здоровья и безопасности работников, проведены проверки условий труда и соответствие их нормам.

Весенний комиссионный осмотр продлится в регионе до 2 мая текущего года. На всех крупных станциях – Алматы, Уштобе, Матай, Актогай, Достык и Алтынколь – пройдут узловые совещания.

Фото автора

KZ8A ЭЛЕКТРОВОЗЫМЕН ТОЛЫҚТЫ

Жамбыл локомотив пайдалану депосының паркi жаңарып жатыр. Былтыр депоға KZ8A маркалы су жаңа 10 электровоз берiлдi. Асинхронды электр қозғалтқыштары бар екі секциялы жүк электровозы салмағы 9000 тоннаға дейiнгi жүк пойыздарын тасымалдай алады.

Ардақ УСЕЙІНОВА,
Жамбыл

– KZ8A электровозы экстремалды температурада жұмыс істеуге арналған. Локомотивті жөндеуді жеңілдететін модульдік блоктардан тұрады. Депо паркi толыққан соң, жүк тасымалының көлемі көбейіп, локомотивтің пайдалы жұмысының көрсеткіші өседі деген сенім бар. Ақпан айындағы жүк тасымалының көлемі былтырғымен салыстырғанда аздау. Дегенмен екі айда техникалық жылдамдық артты. Салыстырмалы түрде ақпан айын қоса есептегенде, былтыр орташа локомотив жүрісі 650 шақырым болса, биылғы көрсеткіш 723 шақырымды құрады. Локомотивтің пайдалы жұмысының көрсеткіші 14,56 пайызды құрады. Локомотивтің орташа жүрісі 102,3 пайызға орындалды. Екі айда техникалық жылдамдық – 105, пайдалы жұмысы 102 пайызға жетті, бұл жаман көрсеткіш емес, – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «ЖТ Жамбыл бөлімшесі» Жамбыл локомотив пайдалану депосының бастығы Нұрболат Нұрсейітов.

Ғасырлық тарихы бар Жамбыл локомотив пайдалану депосы паркiнде бүгінде 32 VL80, 10 маневрлік электровозы, 8 тепловоз бар. 752 адам еңбек ететін депода 355 машинист, 294 машинист көмекшісі тер төгуде.

Локомотив пайдалану депосы Тараз – Арыс аралығындағы – 282, Тараз – Шу бағытындағы 232 шақырымда жолаушылар пойыздарын, ал Тараз – Қаратау жолында – 90, Қаратау – Жаңағас аралығында 87 шақырым жүк пойыздарын, қалған станциялардағы маневрлік қозғалыстардың бәрін қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек Жамбыл жеріндегі ірі өндіріс орындарынан шығатын жалпы ұзақтығы 75 шақырымды құрайтын теміржол арқылы жүк тасымалын да жүзеге асырып отыр. – Машинистер мен көмекшілердің біліктіліктерін арттыру, еңбек қауіпсіздігі талаптарының сақталуы аса маңызды. Олар кесте бойынша біліктілікті арттыру курстарына жіберіледі. Қазіргі кезде Тараз теміржол көлігі қызметкерлерінің оқу орталығында 14 машинист көмекшісі электровоз және тепловоз машинисі біліктілігін алу үшін оқып жатыр. Былтыр 37 көмекші осы орталықта



білім алып, біліктілік деңгейін көтерген болатын. Өткен жылы сондай-ақ Астана қаласындағы оқу орталығына 12 электровоз, 4 тепловоз машинисі, 4 машинист-нұсқаушы, 2 жылдамдықты өлшейтін таспаларды оқитын инженер бірінші жетілдірген. Сонымен қатар, деподағы арнайы техникалық кабинетте де күн сайын өндірістік оқыту шебері екі мезгіл кестеге сай сабақ өтеді, – дейді депо бастығы. Былтыр Жамбыл локомотив пайдалану депосы дизель отынын пайдалануда 150 тоннаға жуық үнем жасап, жоғары басшылықтан Алғыс хатымен марапатталған.

Суретті түсірген автор

ПО МОРЮ И ПО СУШЕ



В первом квартале 2024 года объем морских грузоперевозок в Казахстане увеличился в 4,2 раза по сравнению с аналогичным показателем минувшего года.

По информации Бюро нацстатистики Казахстана, с января по март морским транспортом перевезено около 0,654 миллиона тонн грузов, что на 0,497 миллиона, или на 318,4% больше, чем годом ранее. По плану, объем перевозок через морские порты Казахстана в этом году достигнет девять миллионов тонн.

В морском порту Актау в первом квартале перевалено свыше 1,1 миллиона тонн грузов, что больше, чем годом ранее, на 14%. Что касается железнодорожных грузоперевозок, то в январе-марте их объем достиг 96,927 миллиона тонн. Наблюдается незначительное снижение – на 3,5%, в сравнении с первым кварталом 2023-го.

Любовь РОББА



Альфия АДИБЕВА,
«Samruk-Kazyna Trust»
қорының бас директоры:

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ МЕН «SAMRUK KAZUNA TRUST» КҚ БАСШЫЛЫҒЫ «МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙИЗДАР» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҢНТЙМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ. БИЫЛ «ЖӨРДЕМ» МЕДИЦИНАЛЫҚ ПОЙИЗЫ 20 СӘУІРДЕН ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНА ДЕЙІН 140 СТАНЦИЯҒА ТОҚТАП, 90 МЫҢНАН АСТАМ АУЫЛ ТҰРҒЫНЫН ҚАБЫЛДАП, ЕМДЕЙТІН БОЛАДЫ. СОНДАЙ-АҚ, ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ЖАҢЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ШАЛҒАЙДАҒЫ ЕЛДІМЕКЕН АЗАМАТТАРЫНА ТЕГІН МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӨРДЕМНЕН БӨЛЕК ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ОСЫ ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН

61,4 МЛН ТОННАДАН

АСТАМ ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

ӨТКЕН ҰШ АЙДА ЕЛІМІЗ БОЙЫНША МАШИНИСТЕР

517

РЕТ ШҰҒЫЛ ТЕЖЕГІШТІ БАСУҒА МӘЖБҮР БОЛҒАН.

АҚТАУ ТЕҢІЗ ПОРТЫ АРҚЫЛЫ ЖҮКТЕРДІ АУЫСТЫРЫП ТИЕУДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ БИЫЛ ҰШ АЙДА

1,1 МЛН ТОННАДАН АСТЫ.

ТҮРКІСТАННАН ТИЕЛДІ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан облысы

Мемлекет басшысының су басқан аймақтарға жан-жақты қолдау көрсету үшін техника мен жұмыс күшін жіберу жөнінде тапсырмасының орындалуына Түркістан өңіріндегі теміржолшылар да атсалысуда.



Облыс әкімдігі мен жергілікті атқарушы билік өкілдерінің үйлестіруімен өңірдегі мекеме, кәсіпорындар мен кәсіпкерлер қауымы қолдау білдіріп 250-ге жуық техника жиналды. Ал техникалар Түркістан мен Манкент, Бадам, Арыс және Дарбаза станцияларындағы тұйық жолдарда платформаларға тиелді.

Жалпы Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі бастығының орынбасары Абзал Салықбаевтың тікелей бас-көз болуымен соңғы 3 тәулік ішінде 243 вагонға түрлі техникалар тиелді. Ал оның 188 вагонын «ҚТЖ Экспресс» мекемесі ұсынған болатын. Осылайша, Түркістан станциясында 21 вагонға 31 техника, Арыс станциясында 19 вагонға 20 техника тиелген. Тіпті, шағын ғана Дарбаза станциясының өзінен 8 платформаға 11 техника жүктелсе, Манкент станциясынан 37 платформаға 39 техника жөнелтілген.

Айта кетейік, арнайы техникалар мен жүк тиейтін немесе тасымалдайтын, жер қазатын көліктер және өзге де техникалар су шайған аумақтарды тазалауға және бөгеттер салуға пайдаланылады деп жоспарланған.

Суретті түсірген автор

ҮЛЕСТЕРІН ҚОСУДА

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен су тасқыны болған аймақтарға көмек жіберу жалғасуда. Өткен аптада облыс орталығынан Батыс Қазақстан облысына жүк вагондарына тиелген 106 арнайы техника жіберілді.

Арнайы техникалар бір тәулік ішінде дайындалып, жайдақ вагондарға тиеліп жолға шықты. «Осы уақытқа дейін су апаты болған аймақтарға 296 қызылордалық құтқарушы, 135 техника жіберілді», – деп хабарлайды облыс әкімдігінің баспасөз қызметі.

Облыс басшылығының бастамасынан аймақ теміржолшылары да тыс қалмай өз үлестерін қосуда. Қызылорда ЖТ кадр бөлімінің басшысы Орынқұл Итемгенова өңірдегі салалық мекемелерден 1100 теміржолшы өз еріктерімен қайырымдылық акциясына атсалысып, айлық жалақыларының белгілі бір мөлшерін зардап шеккендерге көмек ретінде аударған. Сонымен қатар Қазалы вагон пайдалану және Сексеуіл локомотив пайдалану деполарының теміржолшылары қаржылай көмектен бөлек, қажетті зат, азық-түліктерді өз қаражаттарына сатып алып облыс бойынша орналасқан қайырымдылық нүктелеріне тапсырған.

АЛҒАШҚЫ ЛЕГІ ЖӨНЕЛТІЛДІ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Жамбыл ЖТ бөлімшесінен Атырау облысындағы су тасқынына қарсы күреске техникалардың алғашқы легі жөнелтілді.



Сенбі күні Талас станциясынан 24 арнайы ауыр техника тиеген құрам жолға шықты. Ал жексенбі күні станция теміржолшылары қосымша тағы 18 техниканы платформаларға тиеп, жолға салып жіберді.

– Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі екі лекпен жіберген жүк пойызында бөген салу жұмыстарына аса қажет самосвал, тракторлар, жүк көліктері, бірнеше экскаватор бар. Сондай-ақ тұрғындар мен жұмысшыларды тасуға арналған автобустар мен «Нива», «Жедел жәрдем» көліктерін де жіберіп отырмыз. Бұл – облыс әкімдігі мен жергілікті ірі өндіріс орындары, зауыт басшыларының, бизнесмендердің қолға алуымен жасалып жатқан жұмыстар нәтижесі. Біздің міндетіміз – барлық жүкті шашау шығармай жеткізу. Тасқын суға қарсы күреске, қалпына келтіру жұмыстарына үлес қосу – баршамыздың парызымыз, – дейді Жамбыл ЖТ филиалының директоры Айдын Сейітбенбетов.

Суретті түсірген автор

ЖАҒАЛАУДЫ БЕКІТУ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Атырауда су тасқынына қарсы шаралар жалғасуда. 15 сәуір күні су деңгейі Атырау қаласында 36 сантиметрге көтерілген. Барлық жерде бөгеттер соғылып, жағалауды бекіту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қосыйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Ол жұмыстарға теміржолшылар да бір кісідей атсалысуда. Атырау қосалқы бөлімінің бас инженері Бауыржан Картанның мәліметі бойынша, Каспий теңізі сағасына қарай жақын маңдағы Құрманғазы, Қызылбалық ауылдарының Жайық өзені жағалауы ҚТЖ Атырау бөлімшелеріне бекітіліп берілген. 5 шақырым бір аптадан бергі дамылсыз тірлік арқасында, яғни, КаМАЗ көлігімен топырақ тасу, тиеу, толтырылған қашықтарды жағалауға текшелеп жинап, дамбаны соғу жұмыстары негізінде бүгінде 4 шақырымға жуық жағалау жиегі бекітілген.

Бұл жұмыстарға өңірдегі темір жол мекемелерінен күн сайын арнайы бөлінген, 60-80 адам таңертең тоғыздан кешкі алтыға дейін бел шешпей еңбек етуде. Түскі асты еріктілер мен кәсіподақ ұйымдары ұйымдастырып отыр. Қазіргі уақытта, жағалауды бекіту жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар Атырау магистральдық желі бөлімшесі су шайып кету қаупі бар темір жол көпірлерін қорғау бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бөлімше бастығының орынбасары Аманжол Жылқыбаевтың айтуынша, оған 80 адам, 5 техника жұмылдырылып, қауіпті жерлерде жаттығу жүргізілген. Бұл бөлімшенің тасқынға тосқын



беруге алдын ала дайындығы деуге болады.

Ал облыстағы тасқынға қарсы жалпы ахуалға келсек, облыстың ТЖ жөніндегі жедел штабы Жайық – Каспий каналының сағасында тереңдету жұмыстарын жүргізуде. Яғни, Жайық өзенінен Каспий теңізіне судың шығуын жеделдету мақсатында қазіргі тереңдігі небәрі 40-50 см болатын түбін тереңдету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жұмысты аяқтағаннан кейін ені 20 метр болатын өзен сағасының тереңдігі 40-тан 200 см-ге дейін арттады деп күтілуде. Бұл жұмыс-

тарды жүргізу Жайық өзенінен Каспийге судың тиімдірек ағуына ықпал етеді. Су жолын тазарту, тереңдету және кеңейту үшін екі экскаватор қолданылуда. Сондай-ақ, алдағы уақытта осындай жұмыстарды орындауда тиімділігі жоғары «Амфибия» экскаваторы да жұмысқа тартылмақ.

Құлсарыдағы жағдайға келсек, су әлі қайта қойған жоқ. Маңғыстау облысы Бейнеу ауданынан 163 әскери су тасқынынан кейінгі Құлсары қаласын қалыпқа келтіру жұмыстарына жұмылдырылған.

Суретті түсірген автор

АҚТӨБЕГЕ АУЫР ТЕХНИКАЛАР КЕЛДІ

Ақтөбе станциясына Қызылорда бөлімшесінен жеті және Жаңатас станциясынан екі платформаға тиелген жүк көліктері мен түрлі ауыр техникалар жеткізілді. Олар өңірдің төтенше жағдай жарияланған аудандарына жіберіледі.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбе станциясы басшысының жедел ұйымдастыру жұмысы жөніндегі орынбасары Саят Айтжановтың хабарлауынша, жеткізу жұмыстарында кедергі жоқ. «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен жергілікті әкімдіктер

тарапынан түскен ұсыныстар жедел қаралып, тасымалдау жұмыстары дереу қолға алынууда.

«Теміржол арқылы тегін, қауіпсіз жеткізу жұмыстары тәулік бойы ұйымдастырылууда. Қызылордадан міне, екі экскаватор, екі бульдозер, су сору техникасы, жол талғаймайтын биік машина

және қайық келді. Бірден кедендік көлік қызметіне хабарланды. Түсіру жұмыстары ұйымдастырылды. Техникалар төтенше жағдай жарияланған аудандарға жіберіледі. Тағы екі платформа келе жатқаны айтылды», – деді Саят Айтжанов.

Айтқандай демалыс күндері

Жаңатас станциясынан екі платформа техникалар жеткізілді. Онда моторлы қайық, су сору техникасы, қазу жұмыстарын жүргізетін техника т.б. бар екен. Олардың барлығы алдын алу, бекіту жұмыстары жүріп жатқан қауіпті аймақтарға жіберіледі.

Қазіргі уақытта төтенше жағдай жарияланған Ақтөбе өңірінде су тасқыны ахуалы тұрақталды. Қауіп сейілді. Дегенмен алдын алу шаралары, ауыл халқын эвакуациялық пункттерге көшіру жұмыстары әлі де жүріп жатыр. Торғай өзеніндегі су деңгейінің көтерілуіне қатысты құтқару жұмыстары тоқтаған жоқ.

Суретті түсірген автор

АБАЙ ЕЛІНЕН – 65 ТОННА

Семейлік теміржолшылар «Аманат» партиясының облыстық филиалымен бірлесіп, еліміздің су тасқыны орын алған аймақтарына гуманитарлық жүк жөнелтті.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Ерікті жастардың жәрдемімен 65 тонна болатын азық-түлік, тұрмыстық бұйымдар тиелген арнайы пойыз Қостанай облысымен Арқалық қаласына жолға шықты.

Көмекке партияның аудандық филиалдары, шалғайдағы аудандық және ауылдық округтер әкімдіктері, жергілікті атқарушы орган өкілдері, депутаттар, кәсіпкерлер, Әйелдер қанаты, Жастар ресурстық орталығы, түрлі қоғамдық ұйымдар, әлеуметтік мекемелер атсалысты.

Бұл жүк небары үш күннің ішінде жиналыпты. Семей ЖТ бөлімшесі арнайы вагон бөліп, гуманитарлық көмекті диттеген жерге жеткізуді міндетіне алды.

Жалпы сомасы 20 млн теңгеден асатын алғашқы қажеттіліктегі тауарлар жүк қабылдап тапсы-



рушылардың нұсқауымен тиеліп, оған колледж студенттерінен тұратын жүзден аса ерікті жас жұмылдырылды.

Сондай-ақ, аса қажетті құрылыс материалы ретінде жалпы көлемі 68 тонна болатын жергілікті зауытта өндірілген цемент те жөнелтілді.

– Бұл қиындық барша қа-

зақстандықтарды біріктірді. Ұлттық компанияның бастамасымен теміржолшылар қауымы да алғы шептен табылып, қайырымдылық шараларына жұмыла кірісті. Ал, бүгінгі тиелген жүкті арнайы вагонмен диспетчерлік бақылау арқылы қысқа мерзім ішінде су тасқынынан зардап шеккен

өңірлерге жылдам жеткізетін боламыз, – дейді қайырымдылық акциясын ұйымдастырушылардың бірі Семей ЖТ бөлімшесі бастығының орынбасары Ерғазы Жұмаділов.

Бір бұл емес, семейлік теміржолшылар су тасқыны орын алған Абай облысының аудандарына да көмек көрсетіп жатыр. Мәселен, осыған дейін Аягөз станциясында арнайы бөлінген платформа арқылы ауыр жүк көліктері қызыл су қаупі артқан Таңсық станциясына жөнелтілген еді. Мұның сыртында теміржолшы жастар да қайырымдылық заттарын қабылдайтын орталықтарға азық-түліктен бастап үрлемелі қайыққа дейін екіліп өткізуде.

Сөз соңында айта кетсек, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша су тасқыны қаупі әлі толықтай сейілген жоқ. Төтенше жағдайлар басқармасының мәліметіне сүйенсек, ел шығысында, Алтай тауының сілемдерінде 55 пайыз қар жамылғысы жатыр. Желі бойын кесіп өтетін Бұқтырма, Жура, Үлбі сынды өзендердің көтерілу қаупі жоғары болып отыр. Яғни, шығыс жұртшылығы су тасқынының екінші толқынына даярлық жұмыстарын жүргізуде.

Суретті түсірген автор

ТӨРТЕУ ТҮГЕЛ БОЛСА...

Маңғыстау станциясынан платформаларға тиелген техникалар мен құрал-жабдықтар су тасқынымен күресіп жатқан Атырауға жол тартуда.

Шахидта ЖҰМАН,
Маңғыстау

Өткен аптада, 9 сәуір күні алғашқы лекпен 13 платформа әскери техника, 6 жолаушылар вагонымен 300 әскери қызметші көмекке аттандырылған еді. 11 сәуірде тағы да 1 жолаушылар вагоны, 1 жабық вагон, 10 платформа жолға шықты.

– Маңғыстау облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өңірдегі жеке кәсіпкерлер, Ақтау теңіз порты, Казмортрансфлот, Қаражамбасмұнай, Альянс LTD, Оңдасынстрой, Ас-Құрылыс сияқты ірі өндірістік компаниялардың қолдауымен қысқа мерзім ішінде Маңғыстау станциясынан Атырау қаласына қарай 12 жеке құрам, 4 экскаватор, 5 погрузчик, 1 автобус, 18 дана суда құтқару салы, 5000 дана қап тиелген пойызды Атырауға жөнелттік. Су тасқынының зардабын жоюға жұмылған жұртқа ҚТЖ-ның қолдауы үлкен көмек болып тұр. Барлық жүк, техника

шұғыл түрде жиналып, вагондарға тиеліп, жөнелтіліп жатыр, бір минут та кешіктіріп жатқан жоқпыз, – дейді Маңғыстау станциясы бастығының орынбасары Амантай Нұрсапін.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, түбек халқы су тасқынына байланысты қолдан келген көмектерін аяп жатқан жоқ. Кей жерлерде қаржы жиналып жөнелтілсе, енді басқалары эвакуацияланған адамдарға пана болып, қызмет көрсетуде. Жоғарыдағы техника мен жүктерді платформалар мен ашық вагондарға бекітілген сызба бойынша тиеп, жөнелтуде жеке кәсіпкер Данияр Габдуллин бастаған жергілікті жігіттердің еңбегін ерекше айта кету керек. Станциядағылардың айтуынша, кәсіпкер теміржолшылармен бірге жүріп, барлық шаруаны ақсыз түрде атқаруға ұйытқы болыпты. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген осы.

– Соңғы уақытта елімізде болып жатқан табиғи апат әрбір қазақстандықтың қабырға-



сын қайыстырды. Ауылдар мен қалаларды су басып, жұрттың барынан айрылғаны жүрекке батады. Біз Болашақ станциясындағы теміржолшылар бастап ауыл жұрты қостап, қаражат жинап, жиналған ақшаға қажеттілік тізіміндегі керек-жарақтарды, қажетті азық-түлік, гигиеналық тұрмыстық заттарды сатып алып тапсырдық, – дейді болашақтық теміржолшы Серік Бөрібаев.

Маңғыстау жүк тасымалы қосалқы бөліміндегі белсенді жастар да алғашқы күннен сапта. – Барлық станциялар және локомотив, вагон деполары бойынша жауапты адамдар бекітіп, қолымыздан келген көмекті ұйымдастырып жатырмыз. Теміржолшылардан жиналған қаржыға Құлсарыға тізімде көрсетілген ең қажетті заттарды алып жібердік, – дейді теміржолшы жастардың өңірдегі өкілі Қуатбек Көпбаев.

Суретті түсірген автор

Паводок

СПЕЦТЕХНИКА ДЛЯ ЗКО

В Западно-Казахстанской области в усиленном режиме ведутся работы по подготовке ко второму этапу паводка. Все выходные уральские железнодорожники в круглосуточном режиме принимали поезда со спецтехникой со всех концов страны.



Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

В воскресенье со станции Арыс на станцию Жилаево прибыл состав из двух классов вагонов с 52 водителями спецтехники и 36 платформ с 47 единицами техники, в том числе погрузчики, универсальные экскаваторы «петушок», КамАЗы, самосвалы, кран и манипулятор. Разгрузили до ночи, поскольку на платформах не было торцевых стенок, что затрудняло свободный съезд автомашин на торцевую платформу грузового двора. Вся техника прибыла в рабочем состоянии без повреждений.

В этот же день на станцию Уральск прибыл длинномерный состав из Кызылординского региона из 64 платформ с грузовыми машинами, экскаваторами, бульдозерами, тракторами и трех классов вагонов с водителями. К разгрузке приступили немедленно, для этого были подготовлены все необходимые материалы, оборудование и бригады рабочих.

В понедельник ночью прибыл поезд со станции Манкент на станцию Уральск. В его составе 49 платформ с различной техникой и двумя пассажирскими вагонами. Всего за сутки 14 апреля на станцию Уральск прибыло 199 единиц техники, все выгружено. В понедельник утром прибыло еще 23 единицы техники, все выгружено к 10 часам утра.

В ночь на понедельник на станцию Жилаево прибыл еще один поезд из Кызылорды из 21 вагона, в том числе в пассажирском вагоне 19 человек и 20 платформ с техникой: восемь погрузчиков, девять КамАЗов с тентом, самосвал, легковые автомобили, экскаватор, бульдозер на гусеничном ходу и манипулятор. Всего 23 единицы техники. В понедельник утром там же встретили поезд из Алматы, в составе которого – 30 платформ и три пассажирских вагона с 60 пассажирами. Всего прибыло 39 единиц техники, в том числе 12 погрузчиков, будка, 21 само-

свал, три экскаватора/бульдозера на гусеничном ходу и два бензовоза.

Вся эта техника должна помочь укрепить дамбы вокруг Уральска и сдержать натиск водной стихии. Ситуация осложняется тем, что на город движется огромный вал из соседней Оренбургской области, в реку Урал поступает около 3 000 кубометров в секунду. По оценкам специалистов, уровень воды в Уральске может подняться в ближайшие два-три дня до 930 сантиметров и более при опасном уровне 850 сантиметров. В настоящее время уровень приблизился к восьми метрам.

Учитывая печальный опыт Орска и Оренбурга, принято решение



возвести дамбу протяженностью более 70 километров высотой от двух до пяти метров, она почти завершена. Укрепляется берег реки Урал, его приток Чаган под постоянным мониторингом и также укрепляется дамба в 11 микрорайонах города, которые находятся под угрозой затопления.

В противопаводковых мероприятиях задействованы 1 577 единиц спецтехники и более 6 000 человек. На помощь пришли спасатели и военнослужащие из других регионов, привлечены студенты, госслужащие, волонтеры. С понедельника школьники переведены на дистанционное обучение. Эвакуировано более 13 тысяч жителей подтопленных домовладений. Организовано 18 пунктов временного размещения.

Фото автора

В ПОМОЩЬ ПОСТРАДАВШИМ

Паводковую ситуацию на территории Восточно-Казахстанской области директор Семейского отделения грузовых перевозок Алмас Сейсемжанов назвал стабильной. При этом он подчеркнул, что под особый контроль взяты станция Алтай и участок Оскемен-1 – Риддер, где протекает горная река Громотуха.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

– Хочу выразить особую благодарность всем коллективам, которые пишут заявления об удержании однодневного заработка для тех, кто пострадал от паводков, – отметил он. – Работники станций отправляют по две-пять тысяч тенге, чтобы помочь жителям Актыбинской, Костанайской областей. Со станции Семей мы отправляли два вагона в регионы, где были подтопления. Один вагон – с цементом, другой – с гуманитарной помощью.

Около 80% работников железнодорожных предприятий

в Оскеменском регионе уже написали заявления об удержании с их заработной платы за апрель однодневного заработка в помощь пострадавшим от наводнений в других областях Казахстана.

По информации инспектора по социально-трудовым отношениям станции Оскемен-1 Райхан Мукушевой, в Оскеменском регионе работают больше 600 человек.

Главный специалист по юридическим и кадровым вопросам филиала АО «Кентранссервис» по ВКО Нина Кусакина рассказала, что уже собрали заявления об удержании однодневного заработка с апрельской зарплаты в помощь

пострадавшим больше чем от 90% работников.

– Все наши филиалы помогают. Кто-то отправлял технику, кто-то – людей. Если у нас в регионе что-то случится, то мы тоже отправим помощь. А пока вот люди помогают деньгами, – отметила она.

Жителям региона тоже пока рано расслабляться. По информации филиала РГП «Казгидромет» по ВКО, с 14 по 18 апреля на территории Восточно-Казахстанской области ожидаются и формирование талового, склонового стоков, и дальнейшие подъемы уровня воды в реках, возможны разливы, превышение критических отметок.

РАБОТЫ ПРОДОЛЖАЮТСЯ

В Карагандинском регионе продолжают работы по обеспечению пострадавших от паводков регионов и участков техникой и людьми.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

– За прошедшую неделю со станции Жана Караганда отправлено 11 платформ в административный центр Жамбылской области, город Тараз, одна платформа – в село Бершугир – в Шалкарский район Актыбинской области и 10 классов вагонов – в город Атырау с 466 солдатами национальной гвардии с целью ликвидации последствий, а также проведения противопаводковых мероприятий и аварийно-спасательных работ, – сообщил директор Карагандинского филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марат Ибраев.

Со станции Караганозек в Мангистаускую область отправились четыре крытых вагона с гуманитарной помощью –



постельные принадлежности продукты питания.

Со станции Караганда было погружено 16 платформ, со станции Темиртау – четыре, станции Мойынты – одна платформа, станции Караганда-Пассажирская – шесть классов вагонов с 62 пассажирами, которые отправились в Уральск. Таким образом карагандинские железнодорожники выразили корпоративную солидарность

своим коллегам, пострадавшим от наводнения.

Итого вместе с платформами загружено более 70 единиц техники – тракторы, погрузчики, КамАЗы, бензовозы, газели, экскаваторы.

Ожидается погрузка второй партии платформ с техникой из Караганды – два классовых вагона, 23 платформы с 25 единицами техники.

Фото автора

ДО АВТОМАТИЗМА



УЧЕНИЯ

Весенний паводок привел к критическому подъему воды в реке Чаган, притоку Урала, поднявшись до 7,5 метра. Возникла угроза подмыва железнодорожного полотна в районе моста через реку Чаган на перегоне станций Уральск – Уральск-Товарная.

Анна МАРЬИНА,
Уральск

Такова легенда внеплановых противопаводковых учений, проведенных в связи с объявленной по Западно-Казахстанской области чрезвычайной ситуацией природного характера местного масштаба. В них приняли участие пожарные поезда Уральского и Актыбинского отрядов государственной противопожарной службы, а также причастные предприятия филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» по ЗКО и АО «НК «КТЖ» – «Актыбинское отделение магистральной сети». Цель учений – отработка практических приемов и



взаимодействия смежных служб.

На место учений со станции Уральск отправился состав из двух противопаводковых и пожарных поездов станций Уральск и Актобе с личным составом и необходимым для укрепления насыпи грузом и оборудованием.

По прибытии были развернут оперативный штаб, проведена оценка ситуации, составлен план работ и доведен до руководителей каждого подразделения. Далее руководители предприятий поставили задачи перед личным составом, провели инструктаж.

Уже через 20 минут после прибытия поезда на место начаты работы по укреплению земельного полотна железнодорожного пути, устоев моста мешками с песком и некондиционными шпалами. Мотопомпами проведены отвод и переброска воды от железнодорожного пути по обе стороны моста через реку Чаган. После мониторинга ликвидации угрозы скорректирован план работ по дальнейшему развитию ситуации, установлено постоянное дежурство. Завершились учения сбором оборудования и возвращением личного состава на станцию Уральск.

Как отметил директор филиала АО «НК «КТЖ» – «Актыбинское отделение магистральной сети» Сергей Жайлаубай, уральские железнодорожники к паводку готовы, учения прошли хорошо, все причастные структуры действуют четко и грамотно.


Фото автора

ПОКАЗАТЕЛИ ВЫШЕ



БЕЗОПАСНОСТЬ

С начала текущего года в Достыкском эксплуатационном вагонном депо количество обслуженных поездов и подготовленных к погрузке вагонов значительно выросло по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
станция Достык

За первый квартал текущего года к техническому осмотру предъявлен 13 241 пассажирский и грузовой поезд, за аналогич-

ный период в прошлом году – 12 382 поезда. Дано под погрузку 39 637 вагонов, тогда как за аналогичный период 2023 года – 33 720 вагонов.

Только за первый квартал сдано 2 614 поездов, в прошлом году

– 2 142 поезда. Увеличение – на 472 поезда, или на 18%.

Принято 2 422 поезда, а за аналогичный период 2023 года – 2 148 поездов, увеличение – на 274 поезда, или на 11,3%.

С начала текущего года проконтролировано 38 158 поездов, что существенно превышает показатель за прошлый год – 31 265. Также было остановлено 42 поезда, в то время как в прошлом году был остановлен только 21. Из общего числа 33 случая связаны с греением буксового узла, в то время как в прошлом году было всего 14.

Случаев торможения было девять, в то время как в прошлом году – шесть. Эти данные свидетельствуют о более интен-

сивном контроле и внимании к безопасности железнодорожного движения. Безусловно, наличие квалифицированного персонала в вагонном депо является ключевым фактором успешной работы предприятия.

Начальник депо Бирлик Джакыпов подчеркивает, что все производственные процессы осуществляются с высоким уровнем качества выполнения, при строгом соблюдении требований по охране труда, технике безопасности и производственной санитарии. С целью недопущения браков и задержек в поездной и маневровой работе, для повышения трудовой и технологической дисциплины введены организационно-технические мероприятия, направленные на безаварийную работу, сокращение брака и производственных травм. Регулярные комиссионные осмотры с представителями локомотивного хозяйства гарантируют должную подготовку поездов к отправлению, особенно в части тщательной проверки тормозного оборудования, что повышает уровень безопасности.

Фото Данияра БИМАШЕВА

ЕЩЕ ОДНА ПРОВЕРКА

Работники Астанинской дистанции пути провели повторное обследование трех плотин, расположенных вблизи железной дороги.

Любовь РОВБА,
Астана

Этой весной Казахстан столкнулся с масштабной экологической катастрофой – паводок оставил без жилья тысячи людей в Актыбинской, Костанайской, Акмолинской, Атырауской, Северо-Казахстанской областях. При этом в границах обслуживания Астанинской дистанции пути паводковая ситуация остается стабильной.

В начале апреля во время повторной проверки уровня воды в трех плотинах близ железной дороги столичными путейцами совместно с акимами и представителями ДЧС районов существенного отклонения от норм не обнаружено.

– Работы по пропуску талых вод через искусственные сооружения продолжаются. Заблаговременно были проведены вскрытие и очистка 206 сооружений в границах обслуживания. Сформирован и стоит на станции в полной готовности противоразмыльный поезд, – рассказал бригадир ИССО Нурулан Бурманбаев.

В составе поезда – один крытый вагон с материалами и инструментами, две платформы с некондиционными железнодорожными шпалами, две платформы бутового камня и одна – с рельсовым пакетом.

«Келіктегі жөндей мекемелерінің салалық кәсіби одағы «Қамкор Магистраль» ҚБ басшылығы және ұжымы «Қазкөлкәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали Ахметбаевтың жұбайы
Мадина Қонысбаеваның
мегізгісіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып отбасы мүшелері мен барлық туған-туыстарына көңілі айтады.

СТРАТЕГИЧЕСКОЕ РЕШЕНИЕ



Железнодорожный участок Екибастуз – Павлодар играет большую роль в промышленном комплексе страны. Его электрификация дала существенный экономический эффект. Один из участников этой большой работы Жарылкасын Айтметов, который рассказал нам об этом историческом событии.

Участок железной дороги Павлодар – Екибастуз, общая протяженность которого составляет 132 километра, стал крупнейшим проектом в сфере электрификации железных дорог. Это позволило использовать для перевозок более экономичные и экологически чистые электровозы, что обеспечило значительную экономию средств и снижение нагрузки на окружающую среду. Электрификация участка Павлодар – Екибастуз планировалась еще в 80-е, даже была разработана проектно-сметная документация. Начало строительства планировалось в трех пятилетних программах, однако вся работа осталась на бумаге. Возобновилась только в 2003 году и проводилась поэтапно. Первый пусковой комплекс был сдан в эксплуатацию в декабре 2004 года, второй – в мае 2006-го.



Первой запущена тяговая подстанция Майкаин. По перегонам Екибастуз – Майкаин, Майкаин – Карасор, Карасор – Калкаман стройка продвигалась ударными темпами. Одновременно идет электрификация участка Павлодар – Калкаман. Руководителям приходилось курировать выполнение работ одновременно на нескольких перегонах. Согласно плану первого этапа электрификации, 9 декабря 2004 года запущена и сдана в эксплуатацию тяговая подстанция Павлодар. Через три дня на участке Калкаман – Павлодар отправился первый электровоз. Торжественное открытие контактной сети участка Екибастуз – Павлодар прошло 27 декабря.

Заключительный этап электрификации участка завершился 3 февраля 2007 года – введена в эксплуатацию тяговая подстанция Таскудук. Отличительной ее особенностью стало то, что она находилась в транзите двух энергосистем внешнего электроснабжения Екибастузской ГРЭС и Аксуской ГРЭС напряжением 220 киловольт по высокой стороне, в отличие от типичных

формировать культуру чистоты, бережного отношения к природе и окружающей среде, многие в этот день пришли семьями, чем подали хороший пример молодому поколению, – отметила одна из участниц – менеджер департамента управления человеческими ресурсами Дирекции магистральной сети Жадра Айтенова.

Субботник

ДРУЖНО И МАССОВО

В минувшую субботу столичные железнодорожники поддержали экологическую акцию «Таза Қазақстан. Астана – образец чистоты и порядка» и внесли свой вклад в благоустройство и санитарную очистку города.



Более 700 сотрудников филиалов и структурных подразделений АО «НК «КТЖ», работающих в административном здании компании, провели генеральную уборку прилегающей территории, Парка железнодорожников, канала Нура-Есиль от проспекта Ұлы Дала до улицы Онгарсыновой в обе стороны, а также производственного участка «Ангар» в жилом массиве Железнодорожный.

Вооружившись необходимым инвентарем – вениками, граблями, мешками, лопатами, они очистили вверенные им участки от мусора, веток и сухостоя, погрузив все это в самосвалы. Покрасили скамейки, побелили деревья и бордюры, помыли входные группы административного здания, а также провели уборку в своих кабинетах.

Мы с энтузиазмом поддерживали экологическую акцию «Таза Қазақстан». Субботник получился дружным и массовым. Каждый внес свой вклад в очистку и преобразование нашего города. Понимая, как важно

формировать культуру чистоты, бережного отношения к природе и окружающей среде, многие в этот день пришли семьями, чем подали хороший пример молодому поколению, – отметила одна из участниц – менеджер департамента управления человеческими ресурсами Дирекции магистральной сети Жадра Айтенова.

К слову, в этот день к республиканской экологической акции «Таза Қазақстан» присоедини-

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ДА АТСАЛЫСТЫ

Қазалы вагон пайдалану депосының ұжымы мен зейнеткерлері бірлесіп Қазақстан темір жолының 120 жылдығы мен республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында сенбілік өткізді.



Қос буын өкілдері мекеме айналасын тазартумен қатар жасыл желекке айналдыру мақсатында ағаш көшеттерін отырғызды. Біздің бір топ зейнеткерлеріміздің бастамасымен кешегі сенбілікті осылай өткіздік. Жігіттер жағу жұмыстың ауырын атқарса, ардагерлеріміз тал екті. Зейнеткерлеріміздің талай жыл қызмет атқарған мекемесіне жанашыр көзқарасы тәңті етпей тұрмайды. Бұл жолы да ауызбіршілік пен татулықтың нышанын паш етіп, жастарға үлгі-өнеге көрсетіп көгалдандыру жұмыстарына атсалысқандарына риза болдық. Бүгінгі егілген көшеттер депоның және ауданның экологиялық жай-күйінің жақсаруына септігін тигізері сөзсіз, – дейді депо бастығы Арғын Орымбаев.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қазалы
Суретті түсірген автор

СДЕЛАЕМ ЧИЩЕ ПЛАНЕТУ

В стране стартовала экологическая республиканская акция «Таза Қазақстан», инициированная Президентом Касым-Жомарттом Токаевым.



Акцию поддержали и карагандинские железнодорожники, которые, взяв в руки грабли, лопаты и мешки, активно занялись сбором прошлогодних листьев, камней и веток. Заключительной процедурой стала погрузка мусора в грузовые машины и его вывоз на свалку.

По словам сотрудницы Карагандинского отделения магистральной сети и волонтера Камшат Серик, главным посылом акции является привлечение внимания общественности, особенно молодых железнодорожников к проблеме загрязнения мусором общественных мест, парковых зон, мест отдыха, территориальной организации, а также придомовых территорий. В связи с этим жителям Казахстана необходимо способствовать улучшению экологической обстановки, пропаганде бережного отношения к природе.

– Сегодня каждый человек должен жить в гармонии с окружающей средой, любить ее и делать лучше. В Карагандинском регионе все железнодорожные структуры подхватили акцию «Таза Қазақстан» и дружно вышли на субботники. Вместе мы сможем сделать нашу планету чище, – уверена Камшат Серик.

В рамках экологической акции будут проведены мероприятия по уборке от мусора территории возле памятной воинской «афганцам», привокзальной площади на станции Караганда-Сортировочная, парковой зоны возле Дворца железнодорожников, а также на участках и перегонах Карагандинской области.

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық саялаық теміржол,

автомобиль, аяу және су көлігі қызметкерлерінің қасиби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өндеш басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынғын, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушанова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахиджа Құманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Усейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қараганда: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ерттай 8-777-498-31-61

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеуберенов,
тел.: +7 702 5795768

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.

Спорт

«ҰМТЫЛFEST»: ҰМІТКЕРЛЕР ІРІКТЕЛУДЕ

«КТЖ» ҰК» АҚ-ның спорттық іс-шарасы «ҰмтылFest» биыл да жалғасын тапты. Бұл компанияның корпоративтік саясатының бір бөлігі болып табылады. Себебі спортпен айналысу тек денсаулықты нығайтып қана қоймай, адамның ерік-жігері мен қажыр-қайратын да нығайтады. Ал бұл қасиеттер бойында бар адам қызметте де кез келген қиындықты еңсеретін болады.



Жарысқа компания филиалдарынан 3 команда қатысты. Әрқайсысы 10 адамдан құралған «Болашақ», «Локомотив», «Мастера, а так» командалары эстафеталық жарыстың 10 түрінен бақ сынасты. Жарыстың ашылу салтанатына «КТЖ-Жұк тасымалы» ЖШС құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры Ұәліхан Уайсов пен Магистральдық желі дирекциясының Адами ресурстарды басқару департаменті директоры Айсулу Елеуекен қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Ойыншылар бір біріне ұқсамайтын іс-қимыл, әрекетке толы «Жылдам», «Үйрек», «Хоккейші», «Аралас эстафета», «Фитбол», «Теннис шарымен эстафета», «Жүппен жүгіру», «Тәртіп орнат», «Көңілді» және «Бауырсақ» деп аталатын эстафеталық ойындарға қатысып, үш команданың қай-қайсысы да мәреге алдымен жетуге ұмтылған тайталас пен қызыққа толы ойын болды.

Әр жарыста бірінші келгендер 10 балл, екінші келгендер 9 және үшін-

ші келгендер 8 баллмен бағаланды. Алайда ойын шарттарын бұзған командадан әр бұзған жағдай үшін 0.5 балдан шегеріліп отырды. Нәтижесінде жылдам әрі шебер ойын көрсеткен «Мастера, а так» командасы жеңіске жетті. Екінші орынды әділ, таза, ереже бұзбай ойнаған «Болашақ» командасы алды. Ал үшінші орынды «Локомотив» тобы иеленді.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЕПТІЛІК ПЕН ЕРІК-КҮШ САЙЫСЫ

Астана вагон пайдалану депосының вагон қараушылары ұлттық спорттан жарыс өткізді. Кәсіподақтың ұйымдастыруымен өткен сайыс Қазақ темір жолының 120 жылдығына арналды.



Вагон шаруашылығының 70 жұмысшысы қатысқан жарыста асық ату, арқан тарту, кір тасын көтеру сынды ептілік пен ерік-күш сына түскен сайыс турлеріне кезек беріліп, жүлделі орын алған 26 адам арнайы марапаттар мен бағалы сыйлықтарға ие болды. Сонымен қатар осы іс-шараны ұйымдастыруға атсалысқан теміржолшыларға да ынтылдандыру сыйлықтары берілді.

саласына келгеніне 2 жылдай болған ол жақынды кір тасын көтеруден өткен жарыста үшінші орын алды. Бұл жолы да белсенді жігіт спорттық шараның бел ортасынан табылуда.

– Жарысқа біздің депонның жан-жақтағы қосындыларынан келген вагоншылар қатысып жатыр. Атап айтқанда, Нұрлы жол, Ағабас станцияларынан, бас парктен және басқа станцияларды қоса алғанда барлығы 5 техникалық қызмет көрсету қосындынан вагон қараушылар келді, олардың осындай жарыстарға қатысуда белсенділігі өте жоғары. Балғамен вагон доңғалақтарын күн сайын тексеріп жүрген қара күш иелерін спортпен біте қайнасқан десек болғандай, – дейді депо кәсіподағының төрағасы Ұбай Хафизұлы.

Ал депошілік жарыста кір тасын көтеруден бірінші орын алған вагон жөндеуші Таңат Ақылжанұлы теміржолда 18 жылдан бері еңбек етеді. Ол 24 және 16 келілік кір тасын көтеруден де, командалан арқан тартудан да жүлделі орыннан көрінді.

Осындай жарыстарға белсенді қатысатын вагон қараушы Нұрмухаммед Ниязбаев талай рет депоның намысын қорғап, спорттық жарыстардан жүлде алып жүр. Вагон шаруашылығы

– Кір тасын көтеруден біріншіміз 1 минут уақыт берілді. Соның ішінде кім көп көтерді, сол жеңімпаз болды. Мен 60 реттен аса көтердім. Бала кезден волейбол, ауыр атлетика жағына бейім болдым. Шаңғы тебуге де әуестігім бар. Жалпы, спорттың қай түрі болса да айналысқанға не жетсін, – дейді жеңімпаз Таңат.

Асық атудан да кіл шеберлер жиналған екен, арқан тартудан білекті жігіттер қатарында жоғарыда аты аталған жеңімпаздар мұнда да көзге түсті. Жарыс соңы концерттік бағдарламаға ұласып, баршаға мерекелік көңіл күй сыйлады.

Ұлан ОРАЗ,
Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК